

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Кәмен Мамырұлы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАР
БАСҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІ



**КӘМЕН МАМЫРҰЛЫ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАР
БАСҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІ. — Алматы: «Ғылым», 1994 ж. бет.**

Бұл монографияда қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттаумен қатар жоңғар мемлекетінің құрылуы, дамуы мен сыртқы саясаты зерттелген. Тарихи еңбектің басты мақсаты қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы әділетті күресі баяндалады. Жоңғарларға қарсы күресте Жәңгір салқам хан, Әз-Тәуке, Әбілхайыр, Абылай хандардың тарихи тұлғалары, халық билері Қазыбек, Төле, Әйтекелердің халықты ортақ жауға қарсы топтай білуі, қасиеттері қазақ жерін қорғауда Бұхар, Үмбетей, Кәрібай, Ақтамберді, Қожаберген жыраулардың жалынды жырларымен елді жерлерлендіре рухтандыруы, халқымыздың тірегі болған, елінің ертеңін ойлар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Көкжарлы Көкжал Барак, Саты Дәулетбайлар ерлігі жазылған.

Кітап жоғарғы оқу орындарының, мектеп оқытушылары, аспиранттар мен студенттерге, сондай-ақ, қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күрес тарихын білгісі келетін қызыға оқушылар қауымына арналады.


Жауапты редакторы — Республика халық ағарту ісін еңбегі сіңген қайраткер, тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ж. К. ҚАСЫМБАЕВ.**

Ғылыми пікірін жазғандар: тарих ғылымдарының докторы **М. ҚОЙГЕЛДИЕВ** пен тарих ғылымдарының кандидаты **Е. УӘЛИХАНОВ**

.ISBN, 5-7667-3082-9.

С. КӘМЕН МАМЫРҰЛЫ. 1994

157-87



«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз..»

ҚАЗЫБЕК БИ,

КІРІСПЕ

«Ер тарихы — ел тарихы» — дейді халық. Қазақ елі басына ауыр-ауыр сұрқылтай күн туған тарихтың қиын-қыстау шиырлы кезеңдерінде еркіндікке, елдікке, бірлікке құштар халқымыздың жел жағынан паналы қорған болған атақты батырларының, халық қаһармандарының өнегелі өмірлерін еске алу, оларды болашақ ұрпақтарымызға жарқырата үлгі ету соңғы жылда ұлттық зерденің қандай дәрежеде екенін көрсетсе керек. Кейінгі жылдарда халық санасында, оның зердесінде өзі дүниеге әкеліп, даңқын оздырған асыл перзенттерінің жылдары ретінде есте сақталатыны айқын. Оған Абылай хан, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Сыпатай, Шапырашты Наурызбай, Көкжарлы Көкжал Барак, Райымбек, Дәулетбай Саты ұлы сияқты ұлттық қаһармандардың мерейтойлары Қазақстанның түкпір-түкпірінде бүкілхалықтық үлкен мерекелер ретінде тойлануы куә. Шығыс Қазақстанның Тарбағатай өңірінде өткен қазақтың үш жүзінің басын біріктіріп, елдің елдік бірлігін, мемлекеттігін сақтауға тарихта айтарлықтай орын алған хан Абылайдың сенімді қолбасы батырларының бірі — Қабанбай бабамыздың үш жылдық мерей тойы да салтанатты сәнімен мерекеленгені туралы халқымыз хабардар.

Осы бір халық мерейінің қуанышты сәтіне дайындық үстінде газеттердің беттерінде халық қаһармандарына: Қабанбай, Барак, Дәулетбай, Бекет сияқты батырларға, хан Абылайға, Қаз дауысты Қазыбекке арналған көптеген мақалалар, қазақ халқының тарихына байланысты әртүрлі дүниелер жарияланғаны қалың қауымға мәлім. Мұның өзі ұлыдержавалық шовинизмнің аяусыз қуғын-сүргінге ілініп, оның алуан түрлі айла-шарғысына душар болған халық тарихының, Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдердеде ұлттық намысты қорғау сана көріністерінің әрбір талпынысы «ұлтшылдық» деген лақаппен аярлықпен жаншылып отырған халықтың, шын ақиқат тарихын айтуға, жазуға тиым салынған халық тарихының ақтандақ перделерін, аз да болса, ашуға талпыныс жасау еді.

Әрине, мұның бәрі шындап келгенде 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін империялық тәкаппар өзімшілдіктің, жалмауыз тәбеттің тәлкегімен маңдайына жазылған, жан дүниесімен, өмірімен, тарихымен өзектес өзінің төл атымен аталуға да тиым салынған қазақ халқының үлкен ақиқат тарихының жарқын парақтарының бастамасына жолдама ғана. Осы бір ой қисыны дұрыстығына көз жеткізе түсу үшін мына бір жайларға назар аударып көріңізші. Қазақ халқы Кеңес өкіметі тұсындағы жылдарда да өзінің басынан өткерген шын тарихына шындап қол жеткізе алмағаны айқын. Бұл күндері қырықтың қырқасына шыққан, елуді алқымдаған, алпыс пен жетпісті артқа тастаған қазақ нәсілді ағайындарымыздың басым көпшілігі — өз халқының тарихынан мақұрым қалғандар.

Өз бастарының осындай жағдайға душар болғанына, әрине, олар кінәлі емес. Оларды мұндай кіріптарлыққа, мәңгүрттікке ноқталап жетелеген күштер — тапсыз қоғам орнатуға құлшынған әміршіл-әкімшілдіктің дойыр білекті өктем-

дік жүйесі. Сол жүйенің «өзімшілдік» тілегімен халқымыздың араб әліппесіне негізделген мың жылдық жазу мәдениеті дәстүрінің сыңаржақтықпен жоғалуы, сонымен қатар, 15—20 жыл ішінде ұлттық жазудың үш түрі өзгеріске ұшырауы да халықтың ұлттық санасына айтып болмастай зиянды нұқсан келтірді. Ал, бүтіндей халық тарихы оқулықтарда мүлдем тұрпайыландырылып жазылды, оның мақтауға тұратын ұлқыздары туралы ештеңе айтылмады, халықты бірлікке, ынтымаққа, елдікке бастаған хандары, бектері, билері тек қана жағымсыз бейнеде суреттелді.

Шындығында, өз халқымыздың елдік тарихы жөнінде түк білмес мәңгүрттікке, ақтандақтың қара түнегіне бағыт алдық та Ресей патшалары мен орыс батырларының іс-әрекеттері мадақтала-дәріптелген кітаптарды жатқа соқтық. Сол кезде: «Қазақ халқынан жақсы хан, батырлар неге шықпаған?» деген бір іште жатқан көкей сұрағы тіленіп, үндемей тұратын. Өйткені, ол кездегі тыныштықты бұзатын бұл «тен-тек» сұрақты батылдының батылдысы да сыртқа шығара алмас еді. Өйткені, ол кезде қазақ халқының бетке ұстар қаймағын сылып алған, ұлттық мақтанышына айналған асыл бәйтеректерін түбірімен сыпырып түсірген 37—53-жылдардың зұлымдық әрекеттерінің зардаптары халықтың мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне мықтап сабақ берген еді.

Осы оқиғалардың суық ызғары бұған дейін қалыптасып үлгерген қорқақтық, басқаға орынсыз бас июшілік мінез-құлықты, ұлттық сананы тұқыртып, құртуға бағытталған сатқындық әрекеттерін орнықтыра түскені, өкінішті болса да, айқын шындық. «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» демекші, қазақ жұрты да ел билігі тізгініне ие болған талай патшалардың өктемдігін бастан кешірді. Бірақ олардың бірде-біреуі халқымыздың ұлттық өркендеу тарихын шыншыл суреттеуге рұқсат бермеген еді. Өйткені, мәселенің бәрі түптеп кел-

генде — «ұлымпериялық тұтастықтың бүлінбеуін» қайтадан де шаң жуытпай, қызғыштай қорғап бағуда болатын. Мәңгі өзі өз кезеңінде ұлттық сананы еркіне жібермей, темір саулы бұғауға келіп саятын.

Санамызға «тарихтағы ақтаңдақтар» деген ұғым тарихтан. Тарихты шала білген шалағайлықтан емес. Сондықтан еліміздің тәуелсіздік алуы енді жалтақтамай, жасырмай, ақиқат кен тарихымыздағы ақтаңдақтар туралы әрі айқын, әрі түсініктер беру қажеттігін туғызып отыр.

Қазір халқымыз көне тарихымыздың ірі тұлғаларының өміріне арналған кітаптарға, жалпы нақтылы мәліметтерді сұсап отыр. Біздің жазғанымыздың бәрі дұрыс еді деп өзіміз ерекшелейін деп отырған жоқпыз. Мүмкін, нақты деректер табылса, зерттеушілеріміз оны қалың көпшілікке айқындай берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

ТАҒЫҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТІҢ МАҚСАТЫ: Басты да күнделікті мәселе қазақ жерінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы әр кезеңдегі күрестің басы толық ашылмай келеді. Ақиқаттылық: бір жағынан «ақ табан шұбырынды» оқиғасына көшпенді казактарды жоңғар ылаңынан қорғаудағы Ресейдің рөлін баса көрсету үшін: екіншіден, мүмкін, нақтылы деректердің тапшылығынан шығар, қазақ жүздерінің қалыптасуына тарға қарсы күресі бар-жоғы екі-үш оқиға төңірегінде көзделіп жүр. Қазақ батырларының, халық қаһармандарының өміріне және басқа да халықтың керемет қасиеттеріне бағушынысты тарихи хикаяларды көпшілікке жеткізудің қамын ойлағанды деген осы басылымға азық болар, жүк болар еңіреген еді де, оқиғалар да ұшан-теңіз.

Бұл ғылыми еңбектің тағы бір мақсаттарының негізгілері: — қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресін қазақ тілінде бірінші рет толық жазып шығу, ол үшін халық күресін терең түсініп, дәл бейнелеген Бұхар жырау (1668 — 1781), Жиенбет (XVII ғ.), Тәтіқара ақын (XVIII), Ақтамберді (1675—1768), Кәрібай (XVIII), Үмбетей (1706—1778) жыраулардың еңбектерін толық пайдалану арқылы жазу. Өйткені, осы мәселеге тоқталған басқа ұлт тарихшылары (Моисеев В. А., Ерофеева И., Златкин И. В., Басин В. Я) қазақ тілін білмегендіктен толық аша алмады. Яғни, қазақтардың жоңғарларға қарсы күресін терең сезініп, халықтық күрес екенін толық сипаттай алмады:

— қазақ халқының ерлік күресінің тарихын жазғанда халық батырлары Қаракерей Қабанбай батырдың, Қанжығалы Бөгенбайдың, Көкжарлы Барактын, Ер Дәулетбайлардың ерлік ісін аша түсу міндеті де тұр:

— осы бір тарихи еңбекте халық қалаулылары, асқан ақыл-ой иелері, халық қамқоры бола білген үш бәйтерегіміз — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің де жарқын бейнелерін, өнегелі сөздерін шама келгенше айқындай түссек деген мақсат бар;

— қазақ халқының хандарын, олардың істерін бұрынғы тарихи оқулықтарда дәл зерттеп, нағыз тарихи қорытынды бере алған жоқ. Сондықтан, ел бастаған хандардың да игі істері мен кемшіліктерін дәл бағалау, нақтылы көрсетуде біздің міндетіміз сияқты;

— сондай-ақ, Ресей тарихына барлық соғыс жорықтары мен шайқастарының карталары бар, мүмкіншілік болса қазақ-жоңғар соғысының схема-карталарын жасап, соғыс алаңындағы шайқастарды оқушы қауымға дәл жеткізсек деген міндет тұр;

— Ресей мен Қазақстан елінің жоңғар-қазақ соғыста кезіндегі қарым-қатынасын да зерттеу негізгі тақырыпты а түсері сөзсіз. Ол үшін: а) қазақ елі Ресейге өз еркімен қосылды ма, бұл туралы тарихшы-ғалымдардың ойларының бас бағыттары қандай? б) қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі Ресейдің дипломатиялық іс-әрекеттері; в) қазақ елі Ресейге қосылған соң қандай көмек алды? Міне, осы сұрақтар да бүгінгі таңда еліміздің тарихындағы өзекті мәселелері болып табылады; г) Қазақстанның Ресейге қосылуының қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына әлеуметтік жағынан жеделуіне, орыс мәдениеті арқылы әлемдік өркениетке араласуына игі әсерін тигізді. Алайда, орыс ғылымы мен мәдениетінің әсері туралы сөз болғанда оның прогрестік жақтарымен шектеліп қалмай, жергілікті халықты орыстандыруға, шоқындыруға бағытталған сұрқия миссияның да болғанын ашып алу қажет; д) қазақтың тарихын тәрлік еткен коммунистік идеологияның қанды шеңгелінен құтылған шақта жас ұрпақ елінің, жерінің тағдыр-талайынан хабардар етіп, еңсесі биік, ақылды да айбарлы азамат болып өсуіне ықпал ету — аспарыз.

— Тәуелсіз Қазақстанның қасиетті даласын қадірлеп, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру — еркіндік алған кезіміздің бірі. Қазір біз Абылай хан бақарған тәуелсіз кезімізге қайта оралғандай, халықаралық жағдай сол кездегідей сезінемін. Олай болса, бұл тарихи ерліктің басты кезеңдерінің сыртқы саясаты қазіргі еркін Қазақстанға, оның сыртқы саясатына үлгі іспеттес. Жоңғар бақынышыларына қарсы күрестегі ата-бабаларымыздың ерлігі

¹. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. — Алматы, 1992. 15—16

жеріне жеткізе жаза алсақ, қазіргі тәуелсіз Қазақстанды қорғар ел ұландарына үлгі-өнеге, Бұл да негізгі мақсаттарымның бірі ғой деп ойлаймын.

— Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан соң, тіпті, одан сәл ертеректе бұрынғы одақтың шаңырағы шайқалып, енді құлауға айланғанда Ресей империясының жалған патриоттары қасиетті жерімізге көз аларта бастады. Қазақстанның солтүстік жерлері бос жатқан жер, бұл жерлер қазақ халқына тиісті емес дегенге дейін барды. Атап айтқанда Соболин Н.,¹ Кузьмин Н.,² Қозлов В.,³ Солженицын А.⁴ сияқты журналист-тарихшысымақтар қазақ жерін өз беттерімен кесіп-піше бастады. Бұндай арандатушылар қазақстандық белгілі тарихшылардың: М. Қозыбаев, М. Муканов, А. Акишев, Ю. Романов, Н. Алимбаев, И. Ерофеева, К. Пишулина, Б. Кумскойлардың⁵ көлемді еңбектері арқылы тойғарыс алса да, өз қателіктерін толық мойындай қоймады. Сондықтан қазақстандық ғалым-

¹. Соболин Н. Край России. Импульс. № 1. 503. 1990.

². Кузьмин Н. Молодая гвардия. № 7. 1989.

³. Қозлов ». Национальный вопрос парадигмы, теория и политика. «История СССР». № 1. 1990.

⁴. Солженицын А. Как нам обустроить Россию? Литературная газета. № 38. 18 09. 90.

⁵. Қозыбаев М. К. и др. авт. Реальность. Казахстанская правда 30 июня 1990.

дар: Қозыбаев М. К., Григорьев У. К., Романов Ю. И., Нурпейісов К. Н., Пишулина К. А., Сапарғалиев П. С., Елагин А. С.¹ өздерінің бірлесіп жазған Қазақстанның ежелгі дүниетарихынан бергі кезеңдеріне тоқтала келіп, қазақ елінің жеріне толық сипаттама берді. Алайда, Қазақстан халықтарының тәуелсіздігін мойындағысы келмеген, Қазақ Республикасының шекарасын білгісі келмейтін, Ресей монархиясының бұрынғы қалпын қайта жаңғыртқысы келетіндердің бірі А. Феокистов² болып табылады. Ол өзінің тарихи еңбексымағында Қазақстанның Шығыс бөлігі ғана емес, бүкіл Қазақ елінің жерін, оның халқының тарихын ешқандай архив документін пайдаланып көрсетпей-ақ жоққа шығарған. Оған сенсек қазақ деген халық ежелгі түрік қайыраттарына ешқандай қатысы жоқ көрінеді. Тіпті, қазақ деген сөз 1936-шы жылы ғана шығып, ал 1613 жылдан 1723 жылға дейін «қырғыз қайсақтардың» өмірін суреттеген тарихи кітап жоқ, яғни жүз жылдан астам уақыт ішінде бұл халық туралы ешқандай тарихи еңбектер болмаған деп көрсетеді. Қазақстанның қазіргі жерінің шекарасын 1921 жылы Ленин В. И., 1936 жылы И. В. Сталин көздерін жұмып қойып, жасап бере салған деп жазады, А. Феокистов. Оның ойынша қазақ-жоңғар соғысында Ресей мемлекеті жоңғарлардан қазақтарды қорғап қалған көрінеді. Міне, осындай жалған тарихшысымақтарға аз да бол

¹. Қозыбаев М. К. и др. авт. Территориальная целостность Казахстана: проблемы теории и истории. Вестник А. Н. Каз. ССР № 12 стр. 4—13.

². Феокистов А. Русские, казахи и Алтай. Москва. Усть-Каменогорск. 1991. 1992.

са тосқауыл болар деп жазып отырмыз. Біздің еңбегіміздегі тарихи оқиғалар қазақ жерінде болды ғой, олай болса қазақ жері өзгенікі емес, бос та жатпаған, тек қана қазақ еліне ғана тиісті екенін жазу міндетіміз болып табылады.

— Басқа тәуелсіз мемлекеттердегі секілді Қазақстан тарихы да қайта қаралып, оған көптеген өзгерістер, жаңа тараулар қосылып жатқан тұста жаңа оқулық құралдарының жетіспеушілігі — тарих пәнінің мұғалімдерін алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі екені белгілі. Осыған орай тарихи деректер негізінде жазылған бұл еңбекті оларға көмекші құрал бола ма деген ниетпен жазып отырмын. Жалпы тарихи еңбектің мақсатын мына бір өлең жолдарымен толықтырсам деймін.

Атақты батыр бабалар,
Елге қорған болдыңдар.
Ерлігіңді елге паш етер,
Артыңда талай ұрпақ бар.
Сол ұрпақтың бірімін,
Жетсе оған білімім.
Қорғап қалған жоңғардан.
Жазсам халық ерлігін.
Қасиетті қазақ жерінің.
Сақтап бір қалған теңдігін.
Батырлар қорғап қалды ғой.
Еліміздің елдігін.
Өз ұлтыңды қаралап,
Басқа ұлтты дәріптеу
Барып тұрған ездігің.

Өз руыңды мадақтап,
Өзге ұлтты ғайбаттау,
Арына тиер өзгенің.
Тарихсыз халық болмайды,
Өткенді білмес оңбайды.
Тіл менен дінін ұмытқан,
Ондай елің сорлайды.

Өзгерді, елім, өзгердім,
Еркіндік алып өз елім.
Ерлігін жазсам ерлердің
Аруағына бас игенім.¹

ЗЕРТТЕЛУ МӨЛШЕРІ: Қандай да болмасын жаңадан жазылатын тарихи жұмыстар бұрынғы жазылған тарихи еңбектерге сүйенері белгілі.¹ Қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы күресі туралы қазақ тілінде аса көп тарихи шығармалар болмағанмен, негізгі оқиғалар, әсіресе, қазақ-жоңғар мемлекеттерінің қарым-қатынасы туралы біршама еңбектер орыс тілінде жарық көрді. Атап айтқанда, Р. Б. Сүлейменовтың² тарихи еңбегінде бірінші рет XVI—XVIII ғасырлардағы қазақ хандарының сыртқы саясатына талдау жасауға ұмтылғанын көреміз. Қазақстанда тарих ғылымының жандана бастауы, дамуы Қазан төңкерісінен кейінгі жылдар.

1919 жылы қырғыз (қазақ) әскери төңкеріс комитетінің жанына тарих-есептеу бөлімі ашылып, ал бір жылдан соң Республиканың білім беру комитетінің жанынан Академиялық орталық құрылды. 1925 жылы Қазақстанды зерттеу

¹. Автордың «Батыр бабаларға» өлеңінен үзінді. — Өскемен, 1993 жыл.

². Сүлейменов Р. Б. Внешнеполитические связи Казахстана в XVI—XVIII вв. — Алматы, 1983.

қоғамы құрылып, осы қоғамның мүшелерінің казак-жоңғар қатынастары туралы еңбектері жариялана бастады. 1924 жылы А. П. Чулошниковтың¹ казак, жоңғар мемлекеттерінің толықтырылған тарихи очеркі жарияланды. Басқа тарихшылар сияқты А. П. Чулошников ойраттарды калмақтар деп атай отырып, соғыстың шығу себептері мен барысына тоқталып өткен.

А. П. Чулошников өз еңбегінде казак халқы мен жоңғарлар соғысында екі жақтан да адам шығынының мол болғандығын, казак халқының жоңғарларға қарсы күресі әділетті екенін атап көрсеткен.

Қазақстандағы тарих ғылымының 20-шы жылдардағы даму кезеңі академик Бартольдтің есімімен тығыз байланысты. Ол Азиядағы түрік елдерінің тарихы, ойраттардың Қазақстан мен Орта Азия саясатын жазып қалдырды. Бартольдтің² «Жетісу тарихының очеркі» атты еңбегінде, сол өлкенің тарихы мен халқы туралы құнды деректер береді. «Қалмақтар» атты очерктің соңғы тарауында жоңғар мемлекетінің күшеюі мен құлдырауы толық сипатталған. Шығыс ғалымдарының еңбегіне сүйене отырып, жоңғар мемлекетінің казак даласы туралы саясатын анықтап берді.

Қазак халқының жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысының кейбір өзекті мәселелері С. Д. Асфендияров,³ М. П. Вяткин,⁴ Л. Лебедев,⁵ А. Ф. Миллер⁶ сияқты

¹ Чулошников А. П. К истории феодальных отношений в Казахстане в XVI—XVIII вв. — Отделение общественных наук, 1936, № 3, с. 514.

² Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. — М., 1936, 2 т., ч. 1., с. 86—87.

³ Асфендияров С. Д. Қазақстан тарихы. — Алматы, 1934, 1992.

⁴ Вяткин М. П. Әңгімелер. Қазақстанның XVIII ғасырдағы тарихына негізгі материал. М., 1940.

⁵ Лебедев Л. Қазақтардың патшалық Ресеймен байланыс тарихынан. Қызыл архив, 1936.

⁶ Миллер А. Ф. XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның халықаралық жағдайы. — тарихи журнал, 1942, № 8.

көрнекті тарихшылардың еңбегінен орын алды.

Сонымен, 20—30 жылдарда Қазақстан тарихына жоңғар-қазақ хандықтары туралы біршама құнды мәліметтер келіп түсті. Алайда, қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі, тарихи мәліметтерге толық сүйенбегендіктен, халқымыздың шежірелерінің, аңыздарының, жырауларының еңбектерін пайдаланбағандықтан бұл еңбектер біржақты, толық жазылмаған.

1946 жылы Қазақстан Ғылым Академиясы құрылып, мамандандырылған тарих институты мен шығыс тану бөлімі құрылған соң, республика тарихының дамуында жаңа кезең басталды. Көптеген тарихшылар қазақ халқының сыртқы саясаты мен басқыншыларға қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне терең талдау қажеттігін жете түсінді. Атап айтқанда, Х. Г. Айдарова былай деп атап көрсетеді: «Қазақстанның Ресейге қосылуына дұрыс баға беру үшін, қазақтардың жоңғарлармен, Орта Азия халықтарымен байланысын жан-жақты зерттеуіміз қажет» — дейді.¹ Алайда, бұдан 40 жыл өтсе де қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық күресі жан-жақты қамтылып, толық жазылып бітті деген ойдан аулақпыз. Дегенмен, бұл тақырыпта жазылған дүниелер жоқ емес. Мысалы, көпшілік болып жазып-дайындаған И. О. Омаров пен А. М. Панкратовалардың басшылығымен шыққан «Қазақ ССР тарихы»² — жоңғар-қазақ арасындағы қатынастарға да тоқталып өтеді,

¹. Айдарова Х. Г. Қазақстан тарихының кейбір қорытындылары мен даму бағыты. — Алматы, 1946.

². Омаров И. О., Панкратова А. М. История Каз. ССР с древнейших времен до наших дней. — Алматы, 1949.

Бұт тарих кітабының беттерінен жоңғар мемлекетінің пайда болуына қысқаша тоқталып, қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресіне мән беріліп, Абылай ханның ұйымдастырушылық қабілетіне тоқталып өтеді. Жалпы, бұл тарихи кітапта қысқаша жазылса да біршама құнды материалдармен толықтырылған.

«XVIII ғасырдың 20-шы жылдарында жоңғарлармен күрес» тарауында автор ойраттардың әлеуметтік-экономикалық құрылымына және әскери құрамына сипаттама берген. Н. Г. Апполова өз еңбегінде жоңғар мемлекеті «әскери-феодалдық мемлекет» деп сипаттама берген. Жоңғар мемлекетінің саяси құрылысына Н. Г. Апполова, 1640 Эрдени Батур қонтайшы ұйымдастырған съезде қабылданған ойрат заңын басшылыққа алады. Тарихшы Е. Г. Апполова «заңның әскери тармақтары соғыс кезеңінде бар күшті жорықтардың мүддесіне орай топтастырады»¹ — деп атап көрсетті.

В. А. Моисеев² «Қазақ-жоңғар қатынастарының тарихнамасына қатысты еңбегінде: «Жоңғар хандығы жаңа ізденістердің нәтижесінде, қарапайым көшпенді феодалдық мемлекет, қазақ хандығына қарағанда олардың бір орталыққа бағынуы жоғары дәрежеде еді, — деп жазған. Н. Г. Апполованың еңбегінде қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресінен гөрі, жоңғарлардың Цин империясына қарсы күресі ғасырлар бойы созылды», — деп жазады.

1. Апполова Н. Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. — Алма-Ата, 1948, с. 214

2. Моисеев В. А. Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии. Вопросы историографии источниковедения Казахстана. — Алматы, 1988, с. 136—139.

Сондай-ақ, Апполова Н. Г. «жоңғар мемлекетінде құлдық дамыды» — деп көрсетуі шындықтан алшақ жатыр. Оған мысал, Цеван Рабданның бауыры, ойрат әскерінің қолбасшыларының бірі Цэрен Дондобта бар болғаны оншақты ғана құлы болды. Яғни, құлдар үй шаруасында ғана пайдаланылды, жоңғарларда құлдық аса дамыған жоқ. Құлдардың еңбегінің кеңінен дамуына жоңғар мемлекетінің шаруашылығы да ыңғайлы емес еді. Сондықтан жоңғарлар тұтқындарды өздерінің тұтқынға түскен адамдарына айырба немесе сату үшін болмас, ер адамдарды тұтқынға алуға көңіл қатырыспайтын.

Алайда, жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, Н. Г. Апполованың еңбегі тарихқа қосқан үлкен үлес екенін білеміз. Осы тақырыпқа көп мағына берген тарихшыларымыздың бірі, әсіресе, қазақ-орыс қатынастарын жазып үлкен еңбек еткен тарихшы В. Я. Басин¹ болып табылады. Өзінің мақалалары мен монографиялық еңбектерінде жоңғар мемлекеті іс-әрекетімен қазақ-орыс қарым-қатынасына әсер еткендігі атап көрсетті. Басин В. Я. былай деп жазды: «Қазақ хандары мен Ресей арасында экономикалық саяси, дипломатиялық байланыстар XVII ғасырда болған еді. Бірақ ол байланыс өзара қырқысқан әлсіз жоңғар мемлекеті қазақтардан көмек сұраған мерзімде тоқтатылды» деп жазған. Алайда, бұл тағдыр да шындықтан, тарихтан алыс кетушілік. Эрдени Батур, Галдан Бошокту, Цеван Равтан, Қалдан Церендер қазақтан көмек сұрап, қол жаймағаны белгілі.

В. Я. Басин өз еңбегінде «XVII ғасырда Ресейдің билеуші топтары, қазақтарға жоңғарларды қарсы қойып қазақтарды

¹. Басин В. Я. Россия и казахские ханства в XVI—XVIII вв. — Алматы, 1971, с. 250.

әлсіретуге тырысты. Ол үшін орыс әскерлері жоңғарлардың Сібірдегі елді мекендеріне шабуыл жасап отырды» — деп көрсетеді. Одан әрі В. Я. Басин «Ресей әкімшілігі қазақтарды көмексіз қалдырып, жекелеу үшін жоңғарларды оларға қарсы қойды дейді», — деп жазды. Міне, бұл құнды тарихи мәлімет.

Бұл — 1643 жылы Эрдени Батур, 1673 жылғы Цеван Рабтан бастаған, 1743 жылғы Қалдан Церен бастаған жоңғар әскерлерінің қазақ даласына жасаған жорықтары деуге болады. Әйткенмен, Қожаберген жыраудың өлеңіне құлақ асуға болады. Қазақ хандығының күшеюі, қазақ елінің көршілерінің барлығына, соның ішінде Ресейге тиімсіз екені айдан-анық еді.

«Әз Тәуке болса-дағы достыққа ынтық,
Сатпады көрші екі ел, бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ жаудырғанда,
Найза ұстап, садақ тартып қарсы шықтық» —

дейді.

Қазақ елінің жерін Ресейдің қол астына кіргізу Петр І-шінің негізгі арманы еді. «Қазақстанды Ресейдің құрамына кіргізу жолында неден болса да тайынбау қажет» — деген сөзі дәлел бола алады. Қазақстан мен Ресейдің және жоңғар мемлекетінің ара қатынасы туралы қазақстандық тарихшылардың Ж. К. Қасымбаев,¹ С. В. Тимченко,² И. В. Ерофеева,³

¹. Қасымбаев Ж. К. Қазақ жерлерін жаудан қорғауда орыстардың әскери-қорғану тірек-пункттері. / Әскери-тарихи журнал 1981. № 11.

². Тимченко С. В. XVIII ғасырдың 50—60 жылдарындағы қазақ-қаған қарым-қатынастары. — Алматы, 1986, Қазақ ССР Ғылым Академиясының журналы, № 4.

³. Ерофеева И. В. XVIII ғасырдың 2-жартысы мен XIX ғасырдың 1-ширегіндегі Қазақстан туралы орыс ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектері. /Канд. диссертацияның авторефераты/. — Алматы, 1979; Сол автор: Джунгарский фактор в русско-казахских отношениях 20—50 гг. XVIII в.

М. Х. Абусейтовалардың¹ еңбегінен көруге болады.

Жоңғар мемлекеті мен қазақ хандығының өзара қарым-қатынасының кейбір өзекті мәселелері — қазақстандық тарихшы Т. Ш. Шойынбаевтың² Қазақстанның Ресейге қосылу процесі туралы еңбегінде тоқталып өтеді. 1741—1742 жылдардағы жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған шабуылын жаза келе, автор көптеген құнды тарихи деректерді пайдаланумен қатар, кемшіліктер де жіберген. Өзінің тарихи еңбектерінде жоңғар қоңтайшылары Галдан Бошокту мен Қалдан Церенді бір-бірімен шатыстырумен қатар, Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылуы, сол арқылы қазақ өмірінде елеулі өзгерістер мен жақсылықтар жасалды деп қорытынды жасайды. Мүмкін ол тарихшы заман ағымынан шыға алмай, осындай қорытындыға еріксіз келген шығар. Өз ойын дауыстап айтуға көптеген тарихшыларымыздың қаймыққаны белгілі ғой.

Зерттеп отырған өзекті мәселеміз туралы тарихшы И. Я. Златкин³ де өз үлесін қосқан. Ол өзінің «жоңғар хандығының тарихы» атты еңбегінде ойраттардың батыс-монғол мемлекеті мен қазақтардың арасындағы өзара қарым-қатынасына тоқталып өтті. Ол көптеген архив документтерін пайдалану арқылы жоңғар қоңтайшысы Эрдени Батур (1643—1654 жж.) қазақ жеріне жасаған шабуылы кезінде Хо Өрлек бастаған Еділ қалмақтарының жорығымен ұштастырғанын, қазақ-қалмақ соғысының егжей-тегжейін, қазақ феодалдарының өзара қырқысын жан-жақты суреттеп өтті. Сондай-ақ, Ұлы Абылайханның саясатына да қысқаша тоқталып, сипаттама берген.

¹. Абусейтова М. Х. Казахское ханство во второй половине XVIII в. — Алматы, 1985, с. 38—100.

². Шойынбаев Т. Ж. Добровольные вхождение казахских земель в состав России и его прогрессивное значение. Автореферат докторской диссертации. — Алматы, 1966.

³. Златкин И. В. История джунгарского ханства 1635—1758. — М., 1983, с. 217.

Жоңғар мемлекетінің қазақ елі. Орта Азия елдерімен қатынасы туралы бурят тарихшысы Ш. Б. Чимитдоржиев¹ те өз еңбегінде қарастырып өткен. Ш. Б. Чимитдоржиев осы тақырыпта жарық көрген көптеген құжаттарды ретке келтірумен қатар бұрынғы тарихшылар аз көңіл бөлген мәселелерге де тоқталып өтеді.

Алайда, кемшіліктер де жоқ емес. Ш. Б. Чимитдоржиев ойраттардың басты жауы қазақтар емес, монғолистан еді деп есептейді. «Өзара соғысқан монғолистан хандары көмекке біресе ойраттарды, біресе қазақтарды шақырып отырды» — деп жазады автор. Жекелеген кемшіліктерге қарамастан бурят тарихшысы Ш. Б. Чимитдоржиевтің еңбегі жоңғар-қазақ ара-қатынасы тарихында бір қадам алға басқандық болып табылады.

Орта Азиядағы Қытайдың Цин империясының саясаты туралы көңіл бөлетін еңбек тарихшы Б. П. Гурьевичтің² тарихи шығармасы. Ол өз еңбегінде жоңғарлар мен қазақтардың Орта Азиядағы рөліне де тоқталып өтті.

Академик Р. Б. Сүлейменовтың бағалауына қарағанда Б. П. Гурьевич Орталық Азияның екі ғасыр бойы тарихынан қытай, Ресей архивтерін пайдалана отырып өте құнды құжаттар жинақтаған. Б. П. Гурьевич қазақ жасақтарының ойрат әскерлерінен жеңілу себептерін, шегінуін дұрыс зерттеген. Яғни қазақ феодалдарының алауыздығын, жоңғарларға қарсы бар күшті соғыстың алғашқы кезеңдерінде дұрыс шоғырландыра алмағаны жақсы суреттеген.

¹. Чимитдоржиев Ш. Б. Взаимоотношение Монголии и Средней Азии в XVII—XVIII вв., — М., 1979.

². Гурьевич Б. П. Международные отношения в Центральной Азии. — М., 1983.

Жоңғар мемлекетінің тарихын зерттеуші, тарихшы Моисеев В. А.¹ өз еңбегінде тарихшы Б. П. Гурьевичтің еңбегін әділ баға бере келіп, жоңғарлар «түйелі зеңбіректі» тек қытайларға қарсы қолданған, сондықтан қазақ пен жоңғар арасында қару-жарақ (садақ, найза, қылыш, атылатын мылтық саны аз болған) мөлшері, сапасы бірдей болды деп жазды. Бұл жерде В. А. Моисеев шындықтан алшақ кеткен тәрізді. Олай дейтініміз қазақтарға қарсы күресте жоңғарлар зеңбірек қолданып, қазақ сарбаздарына үрей тудырғаны жырталар өлеңінен бізге мәлім.

Қытайтану ғылымының зерттеушілерінің бірі — К. Ш. Хафизова² қазақ-жоңғар мәселелеріне көп көңіл бөлген. Қытай тіліндегі көптеген құжаттарды пайдалана отырып, қазақ феодалдарының XVIII ғасырдың 20—50 жылдарында жоңғар мемлекетіне байланысты саясатына тоқталды. Жоңғар-қазақ хандықтары туралы, жоңғар мемлекетінің пайда болуы, шаруашылығы жайында көлемді тарихи еңбек жазған тарихшы В. А. Моисеев³ болып табылады. Автор жоңғар-қазақ соғысына кеңінен тоқталып өтеді. Екі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасай келіп, соғыстың шығу себептерін, соғыстың алғашқы жылдарындағы қазақтар үшін жеңілістің себептері толық атап көрсетіледі. Алайда кемшіліктер де жоқ емес. Моисеев В. А. өз еңбегінде Абылай мен Әбілмәмбет Түркістан үшін таласты немесе Қабан би туралы мәліметтері толық ашылмаған, түсініксіз жазылған.

¹. Моисеев В. А. Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии. — Алматы, 1988. С. 134—150.

². Хафизова К. Ш. «Пинпин чжуньгээр фанлюс» Цин империясының қазақ хандығымен қарым-қатынасының тарихи негізгі документтердің түпнұсқасы. М. — 1973.

³. Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи в XVII—XVIII вв. — Алматы, 1991, с. 80.

1643 жылы Жәңгір ханға соғыс кезінде көмекке келген Самарқан бегі Жалантөс батырды өзбек бегі Ялантушамен шатастырған.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресін толық сипаттау үшін Қазақ елі мен Ресей мемлекеттерінің қарым-қатынасына тоқтала кеткен жөн сияқты. Әсіресе, Ресей мемлекетінің біз қарап, зерттеп отырған уақыт кезіндегі қазақ еліне деген саясатын тереңірек қарау, қазіргі заманның ой-толғамына салып, елеп-екшеп ойымызды айтуды жөн көрдік

Қазақ елінің Ресейге қосылуының біз бұл жерде прогрестік жағын қарап отырған жоқпыз. Қарапайым орыс шаруалары өз елінде жерсіз болды, езгілік тепкісіне түсті. Географиялық жағынан шектескен қазақ жерінде олар өздері сияқты езілген шаруаларды көрді, білсіті, түсіністі, патша мемлекеттік құрылысына, әлеуметтік, таптық езгіге бірлесіп, күрес жолына бірге түсті. Тағдыры бір екендігі бұқара халық осылай еңбек пен күрес, бейнет пен тер, қан мен жан ұшырасқан жерде білісті, ортақ бауырмалдық көзқарасты қалыптастырды. ХІХ ғасырдың орта шеніндегі көтеріліс қазақ шаруасының сана-сезімін оятты¹

Міне, осындай ұлтаралық істерде, дау-дамай мен күдікті ойларды туғызып келе жатқан кеделі тарихи проблема — Ресейге тәуелді болған азиялық халықтардың патшалық империяға қосылу тарихы. Шындығында, патша өкіметі бұл халықтардың басым көпшілігін жаулап алып, күшпен бағындырды, зорлық-зомбылық негізінде теспей сорып, отар елге айналдырды. Сөз жоқ, тарихи жағдайға байланысты кейбір

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992, 166 б.

халықтар Ресей қанатының астына өз еркімен енген кезі де болды. Отаршылдық кеңінен қанат жайып, империяның әмірі жүріп жатқан кезде орыс өндірісшілері, басыбайлы езгіден қашқан шаруалар ұлан-байтақ Сібір жерін игеруге қатысты. Осы орайда зерттеуші В. И. Шунковтың «Сібірдің Ресейге қосылуы тікелей жаулап алудан бастап, өз еркімен қосылуға дейінгі әртүрлі құбылыстардан тұрады»,¹ — деуі әбден орынды деп білеміз.

Алайда, кеңестік тарих ғылымында осы шындық тек сыңаржақ күйде, яғни «шет аймақтар Ресейдің құрамына өз еркімен қосылды» деп түсіндіріліп, жартыкеш жалған концепция үстем болып келді. Даңғазалық пен дақпырттан арылған бүгінгі кезеңдегі осы шындықтың бетін ашып көрсететін уақыт жеткен сияқты.

Ресей империясының құрылу тарихы сан алуан шытырман құбылыстар: отаршыл саясаттан туған озбыр жаугершілік «жау жағадан, бөрі етектен» алған кезде қуатты орыс мемлекетіне қол созған өз еркімен қосылу, процесі де басыбайлыққа, таптық қанауға түскен орыс халқымен мұңдас, күрестес болған көп ұлтты Ресей еңбекшілерінің біріккен азаттық күресі де бар.

Жер үшін, жайылым үшін ұзақ та табанды жүргізілген күрес, қазақ хандарының Сібір хандарына, XVII ғасырда, XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Жоңғар хандарына қарсы шығуы қазақ хандарының билігін әлсіретті. Олар қожалық еткен территорияны азайтты. Солтүстіктегі көршісі— Ресей мемлекетімен одақ құру мүмкіндігін, панасына алдыру

¹ Шунков В. И. Вопросы аграрной истории России. — М. 1974, с. 225, 231.

жолдарын іздестіруді Орта Ертісте, Алтай жерлерінде Жоңғар хандығы саяси және экономикалық билік тізгінінен айырылды, жаңа өкімет алмастырылды. Бірақ бұл қазақтың Орта Жүзіне кірген рулары мен тайпаларының тарихи өткен мерзімде, айталық, XV—XVI ғасырларда Ертістің оң жағасындағы көшпенділермен ешбір қатысы болмады дегенді, ал орыстың мемлекеттік шекарасы Алтайдан оңтүстікке қарай «ешкімдікі емес» жерге қарай айтты дегенді білдірмесе керек.¹

Қазақстанның Ресейге ресми түрде қосылғанына (1731 ж) дейін-ақ орыс патшалығы қазақ территориясына бірте-бірте тереңдеп ене берген «өлкені орыстардың отарлауын, — деп жазды орыс ғалымдары, — екі сәттен мұнда ерікті отарлаушылардың пайда болуы және олардың ізін ала келген үкіметтік дружиналардың қозғалысы арқылы айыруға болады». «Ерікті отарлаушылар» деп олар «қылмыскерлер, шаруаларды, сектанттарды, әртүрлі тобырды» айтып отыр. Бұлар Ресейден XVI—XVIII ғасырларда қашып кеткен болатын. Отарлауда қамалдар салып, поселкелер мен қалалар тұрғызған әскери отрядтар шешуші роль атқарды. Олар Ертіс пен Горька желісі атанған бекіністерді жасады. Мәселен, Ертіс өзені бойында Омбы (1715) Семей (1718), Өскемен (1720), Бұқтырма, ал Горькаға—Петропавл (1752) қамалдарын тұрғызды.² Сонымен қатар, Ресей мен Қазақстанның арақатынасы қазақ халқының жоңғарларға қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресіне пайдасы тиді ме? Бұл мәселені анықтау үстінде Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылу процесін де қарастыра өткенді жөн көрдік. Бұрынғы оқулықтарда қазақ еліне Ресей арқа сүйер асқар таудай суреттелетін. Әлде, шынымен

¹. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты — Алматы, 192, 112, 166, 167 беттер.

². Апполова Н. Г. Хозяйственная освоение Прииртышья в конце XVI — первой половине XIX в. М. наука 1976 С. 122—193.

солай ма екен? Енді осыны зерттейік.

XVII ғасыр — қазақ тарихындағы бетбұрыс кезең болды. Жаңа ықылым қазақ халқына көрін төге келді. Бұл жайында Шоқан: «Әрқайсысы әр тараптан жортуыл жасаған жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары мен башқұрттар қазақ ұлыстарының ұйпа-тұйпасын шығарды, малын айдап, жанын байлап кете берді. Алланың көктен келген кәріндей қақаған қыс, жұт ашаршылық олардың халін тіпті ауырлата түсті» — деп жазған еді.¹

Ескіден итжығыспен келе жатқан ежелгі жау қалмақтар 1723 жылы тұтқиылдан шауып, қазақтарды қырғынға ұшыратады, қазақ халқы өзінің ескі мәдениет ошақтары — оңтүстіктегі қалалардан айырылады, ата-қонысынан босып, халық санасында терең із қалдырған ақтабан шұбырындыға ұшырайды. Бірақ осы үлкен жеңілістен соң көп ұзамай-ақ ес жиған қазақтар біріккен күшпен 1728, 1730 жылдары Жоңғар басқыншыларына ауыр соққылар беріп, жау қолында қалған жерлердің біразын босатады. Алайда, ойраттарды біржола талқандауға қазақ хандары мен сұлтандарының арасындағы алауыздық бөгет жасайды.²

Осы сын кезеңде 1731 жылы Кіші Жүз, 1740 жылы Орта Жүз, 1742 жылы Ұлы Жүздің бір бөлігі Ресейге бодан болады. Әйткенмен, бұл кезде қазақ хандары жердің шалғайлығына байланысты ақ патшаға номинальді түрде ғана тәуелді болды. Және орыс үкіметінің қол астына қарайтындығы туралы ант берген рубасыларының көбі тек өз мүдделерін ғана көздеген еді. Бұл ретте академик Н. И. Веселовскийдің: «Көшпенділер мен біздің бодандық жайлы түсінігіміз мүлде сәйкеспейді, олар әдетте бодандықты айтарлықтай ештеңеге

¹ Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. т. 1, Алматы, 1984. с. 216.

² Қазыбек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін. Алматы, 1993, 262—263 беттер.